



## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2021 жылдың 01 қарашасы

### **KASE шетелдік акциялармен сауда-саттық секторын ашпақшы**

2021 жылдың 01 қарашасынан бастап, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) шетелдік бағалы қағаздармен сауда - саттыққа арналған жаңа сектор - KASE Global секторын ашты.

KASE Global секторын ашу мақсаты – Биржадағы сауда-саттыққа қол жетімді қаржы құралдары спектрін кеңейту болып табылады.

Аталмыш сектордағы сауда-саттықты ашу 2021 жылдың 15 қарашасына жоспарлануда. KASE Global бастапқы кезеңінде сауда-саттық үшін америкалық алаңдарда листингілеуден өткен және KASE ресми тізіміне енгізілген шетелдік акциялар қол жетімді болады.

KASE Global секторындағы сауда-саттық T+2 шартымен сағат 11:20-дан 22:00-ге дейін жүргізіледі. Аталмыш сектордағы бағалы қағаздардың баға белгілеу валютасы АҚШ доллары болып табылады.

Әрі қарай KASE аталмыш сектордағы құралдардың тізбесін кеңейтуді, сондай-ақ сауда-саттық жүргізу уақытын арттыруды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, Биржа жаңа секторда белсенді сауда-саттық жүргізу үшін маркет-мейкерлерді тартуды қарастыруда. Ол инвесторлардың нарыққа деген қызығушылығының пайда болуына әрі жалпы KASE нарығының өтімділігін арттыруға ықпал етеді.

#### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), ЕуроАзиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады. Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.